

Ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 189 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 28 тамызда № 11981 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі 310 Қаулысы 17 тармағы 375) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптар
б е к і т і л с і н .

2. Орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасы белгіленген тәртіппен осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге жіберсін.

1) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3) осы бүйректың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

тәрағасының міндетін атқаруышы

*Орман
жануарлар
К. Үстеміров*

ш а р у а ш ы л ы ф ы

« К Е Л I С I Л Г E H »

Казакстан Республикасы

Iшкі истер министрлігі

Төтеншे жағдай комитеті тәрағасының міндетін атқаруышы

C. Θүбәкіров

2015 жылғы « »

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитеті төрағасының
міндеттін атқарушы
2015 жылғы 24 шілдедегі
№ 189 бұйрығымен бекітілген

**Ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар
әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын
талаптар**

1. Орман қоры участкелері ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген орман пайдаланушылар жыл сайын өртке қарсы іс-шаралар жоспарларын (бұдан әрі - Жоспар) әзірлейді және оны іске асырады.

Жоспар:

- 1) өртке қарсы алдын алу іс-шараларын;
- 2) орман өрттерін сөндіру іс-шараларын қамтиды.

2. Өртке қарсы алдын алу іс-шараларында шекарасында орман пайдалануға берілген орман қоры участкесі (участкелері) орналасқан мемлекеттік орман иеленушінің орман орналастыру материалдарына және ормандарды өртке қарсы жайластыру жоспарларына негізделген жұмыстардың нақты көлемдері мен оларды өткізу орындары көзделеді. Жоспарланатын іс-шаралар іс-әрекеттің дәйектілігін, бұдан бұрын орындалған жұмыстардың жалғастырылуын көздейді және орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың орман қорының көршілес участкелерде атқарып жатқан жұмыстарымен байланыстырылады.

Өртке қарсы алдын алу іс-шараларына сондай-ақ бұрыннан бар өртке қарсы жыралар мен жолақтарға күтім жасау, өрт қадағалау мұнаралары мен өртке қарсы құрал-жабдықтар мен техниканы, жолдарды жөндеу, уақытша өрт күзетшілерін жалдау жөніндегі жұмыстар енгізіледі.

Өртке қарсы алдын алу іс-шаралары бойынша барлық жұмыстар үшін күнтізбелік орындау мерзімдері және орындауға жауапты тұлғалар, сондай-ақ осы жұмыстардың көлемі көрсетіледі.

3. Орман өрттерін сөндіру іс-шаралары өрттерді өз күштерімен де, бұл өрттерді қандай да бір себептермен өз күштерімен және құралдарымен құрықтау мүмкін емес жағдайларда өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды көздейді. Соңғы жағдайда мемлекеттік орман иеленушімен келісе отырып орман өртін сөндіруге жіберілетін күштер мен техникалық құралдар, сондай-ақ орман қорының тиісті участкесінде орналасқан аудандағы елді мекендерде орналасқан өзге де ұйымдардың

күштері мен техникалық құралдары айқындалады. Орман өрттерін сөндіру іс-шаралары орман өрттерін сөндіру үшін ерікті қоғамдық құрамалар (командалар) құру, орман өрттерін сөндірумен айналысып жатқан адамдарды тамақтандыру мен медициналық көмекті, байланысты ұйымдастыру, сондай-ақ орман пайдалануышының есебінен өрт қауіпі бар маусымға жанар-жағар май материалдарының қорын жасау көзделеді.

4. Орман қоры участеклері ұзак мерзімді орман пайдалануға берілген орман пайдаланушылардың жоспары ағымдағы жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмей келісімдеу үшін мемлекеттік орман иеленушілерге беріледі. Орман кодексінің 38-бабы 6) тармақшасына сәйкес орман пайдалануышының жоспары мемлекеттік орман иеленушімен келісіледі және оны орман пайдалануышының өзі бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК